

Шолпан Жандосова¹ , Мархаббат Нуров² , Асем Кашкинбаева³ 

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
бас ғылыми қызметкері, PhD, қауымдастырылған профессор
e.mail: sholpan_zhandosova@mail.ru
(Алматы, Қазақстан)

² «Тұран» университетінің қауымдастырылған
профессор-зерттеушісі, Қазақстан гуманитарлық-саяси
конъюнктура орталығының вице-президенті, PhD
e.mail: markhabbatnur@gmail.com
(Алматы, Қазақстан)

³ Ж.А. Ташенев атындағы университеттің аға оқытушысы, (PhD)
e.mail: asemai7@mail.ru
(Шымкент, Қазақстан)

КАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНФЕССИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ САЯСИ СТРАТЕГИЯСЫ: КЕЗЕҢДІК ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасының конфессиялық кеңістігін мемлекеттік реттеудің саяси стратегиясын кезеңдік және аймақтық талдау арқылы зерттейді. Зерттеудің негізгі гипотезасы: Қазақстанның конфессиялық саясаты аймақтық конфессиялық диспропорцияны есепке алмайтын бірыңғай ұлттық стратегия нысанында жүзеге асырылуда, бұл оның превентивтік тиімділігін жүйелі тұрғыда шектейді. Контент-талдау мемлекеттік нормативтік дискурстың үш семантикалық кезеңнен – «бостандық» → «бақылау» → «қауіпсіздік» өткенін айқындайды. Кезеңдік талдау либерализация (1991-2000), институционализация (2000-2015) және секьюритизация (2015-бүгінгі күнге дейін) кезеңдерінің ішкі логикасын ашады. Аймақтық деректер Қазақстан территориясын конфессиялық саяси тәуекелдің үш аймаққа нақты бөлінетінін дәлелдейді: оңтүстік моноконфессиялық, солтүстік биконфессиялық және мегаполистік белгісіздік аймағы. Зерттеу тұжырымдары конфессиялық кеңістікті реттеудің дифференцирленген аймақтық стратегиясын қалыптастыруға арналған саяси ұсынымдардың ғылыми негізі ретінде қызмет ете алады.

Түйін сөздер: конфессиялық кеңістік, мемлекеттік реттеу стратегиясы, секьюритизация, конфессиялық диспропорция, реактивтік саясат, превентивтік механизмдер, аймақтық конфессиялық тәуекел, конфессиялық плюрализм.

Шолпан Жандосова, Мархаббат Нуров, Асем Кашкинбаева ПОЛИТИЧЕСКАЯ СТРАТЕГИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ КОНФЕССИОНАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА В КАЗАХСТАНЕ: ПОЭТАПНЫЙ И РЕГИОНАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье исследуется политическая стратегия государственного регулирования конфессионального пространства Республики Казахстан посред-

ством поэтапного и регионального анализа. Основная гипотеза исследования заключается в том, что конфессиональная политика Казахстана реализуется в форме единой национальной стратегии, не учитывающей региональную конфессиональную диспропорцию, что системно ограничивает ее превентивную эффективность. Контент-анализ показывает, что государственный нормативный дискурс прошел через три семантических этапа — «свобода» → «контроль» → «безопасность». Поэтапный анализ раскрывает внутреннюю логику этапов либерализации (1991–2000), институционализации (2000–2015) и секьюритизации (2015 – по настоящее время). Региональные данные доказывают, что территория Казахстана четко подразделяется на три зоны конфессионального политического риска: южную моноконфессиональную, северную биконфессиональную и мегаполисную зону неопределенности. Выводы исследования могут служить научной основой для разработки политических рекомендаций по формированию дифференцированной региональной стратегии регулирования конфессионального пространства.

Ключевые слова: *конфессиональное пространство, стратегия государственного регулирования, секьюритизация, конфессиональная диспропорция, реактивная политика, превентивные механизмы, региональный конфессиональный риск, конфессиональный плюрализм.*

Sholpan Zhandossova, Marhabbat Nurov, Assem Kashkinbayeva

THE POLITICAL STRATEGY OF STATE REGULATION OF THE CONFESSIONAL SPACE IN KAZAKHSTAN: A STAGE-BASED AND REGIONAL ANALYSIS

Abstract. This article examines the political strategy of state regulation of the confessional space of the Republic of Kazakhstan through stage-based and regional analysis. The main hypothesis of the study is that Kazakhstan's confessional policy is being implemented in the form of a unified national strategy that does not take into account regional confessional disproportions, which systematically limits its preventive effectiveness. The content analysis reveals that the state normative discourse has passed through three semantic stages — “freedom” → “control” → “security.” The stage-based analysis uncovers the internal logic of the periods of liberalization (1991–2000), institutionalization (2000–2015), and securitization (2015–present). Regional data demonstrate that the territory of Kazakhstan is clearly divided into three zones of confessional political risk: a southern monoconfessional zone, a northern biconfessional zone, and a metropolitan zone of uncertainty. The conclusions of the study may serve as a scientific basis for developing policy recommendations aimed at forming a differentiated regional strategy for regulating the confessional space.

Keywords: *confessional space, state regulation strategy, securitization, confessional disproportions, reactive policy, preventive mechanisms, regional confessional risk, confessional pluralism.*

Кіріспе

Конфессиялық кеңістікті мемлекеттік реттеу – заманауи саяси ғылымның теориялық және практикалық маңызы бар бағыты. Бұл бағыттың зерттеу нысаны статикалық емес, динамикалық: дінаралық қатынастар жаһандық деңгейде де, нақты мемлекеттің ішінде де үздіксіз

трансформацияланады. Осы мазмұнда Қазақстан Республикасы саяси ғылым үшін бірегей аналитикалық жағдай туындатады: мемлекет бір мезгілде конфессиялық плюрализмнің жоғары деңгейін сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз ету міндетін шешуде. Сол себептен Қазақстанның конфессиялық саясаты тек діни реттеу мәселесі ретінде емес, саяси басқарудың стратегиялық бағыты ретінде зерттелуі тиіс. Бұл тәсіл мынадай аналитикалық мәселені алдыңғы орынға шығарады: Қазақстанның конфессиялық саясат стратегиясы аймақтық деңгейдегі конфессиялық тәуекелдерге сәйкес диверсификацияланған ба, әлде бірыңғай ұлттық нысанда жүзеге асырылып отыр ма?

Осы сұрақтың саяси маңызы мынада: егер мемлекет аймақтық диспропорцияны елемей бірыңғай стратегиямен жұмыс істесе, онда оның превентивтік тиімділігі іс жүзінде шектеулі болады – аймақтық конфессиялық тәуекелдер нысаналы саясат объектісіне айналмайды, тек жалпы мониторинг пәніне айналады. Зерттеу осы гипотезаны эмпирикалық деректер арқылы тексереді.

C. Seiple мен D. Hoover мемлекет пен азаматтық қоғамның тең серіктестігіне негізделген конфессиялық реттеу саясаты, тек заңнамалық шектеулерге сүйенетін үлгімен салыстырғанда, радикализация қатерін жүйелі төмендету мүмкіндігі жоғары екенін аргументтейді [1]. Бұл тезис Қазақстан контекстінде теориялық тірек ретінде маңызды: мемлекеттің конфессиялық кеңістікті тиімді реттеуі тек нормативтік-рестриктивтік механизмдермен өлшенбейді – азаматтық ортақтастырудың тереңдігімен де анықталады.

E. Rodriguez постсоветтік кеңістіктегі діни жаңғыруды кеңестік кезеңнің идеологиялық тыйымдарынан туындаған терең әлеуметтік үдеріс ретінде бағалайды [2]. Бұл тұжырым маңызды методологиялық салдар береді: Қазақстанның конфессиялық кеңістігі тек нормативтік реттеу арқылы анықталмайды – ол кеңестік кезеңнің тарихи жүктемесін де алып жүреді. Осыдан конфессиялық кеңістікті шектеуші тетіктермен ғана реттеу стратегиясының шектеулілігі туындайды.

T. Aimukhambetov, N. Seitakhmetova және A. Mukhitdenova зерттеулері Қазақстанның ұлттық бірегейлік стратегиясы мен конфессиялық реттеу саясатының өзара байланысын айқындайды [3]. Y. Buribayev және авторлар ұжымы жаңа геосаяси турбуленттілік жағдайында осы стратегияны жаңарту қажеттілігін нақты дәлелдейді [4]. W. Kusak конфессиялық кеңістікке тек шектеуші тәсілмен келу азшылықтардың саяси наразылығын туындататынын көрсетеді [5]. S. Mawlood интернет ортасының мемлекеттік бақылаудан тыс қалатын радикалдандыру арнасына айналғанын айқындайды [6] – бұл Қазақстанның мегаполистік аймақтарындағы конфессиялық «белгісіздік» топтарына бағытталған превентивтік саясаттың стратегиялық маңызын арттырады.

Зерттеудің негізгі гипотезасы: Қазақстанның конфессиялық саясаты бірыңғай ұлттық нысанда жүзеге асырылады, нәтижесінде өңірлік конфессиялық тәуекелдер нысаналы саяси объектіге айналмайды – бұл жағдай мемлекеттің превентивтік конфессиялық реттеу мүмкіндігін жүйелі тұрғыда шектейді. Зерттеу үш негізгі сұрақты шешеді:

(1) Қазақстанның конфессиялық реттеу стратегиясы қандай ішкі логика бойынша кезеңдік эволюция жасады?

(2) Аймақтық конфессиялық диспропорция мемлекеттің бірыңғай саяси стратегиясымен нақты сәйкессіздік туындата ма?

(3) Мемлекеттің конфессиялық реттеу тиімділігін шектейтін жүйелі кедергілер қандай?

Зерттеу әдістері мен деректер базасы

Зерттеудің методологиялық базасын үш тәсілдің аналитикалық кешені құрайды, олардың әрқайсысы жеке зерттеу міндетіне сәйкес тандалды.

Контент-талдау Қазақстан Республикасының конфессиялық саладағы нормативтік-құқықтық актілерін, стратегиялық жоспарлау құжаттарын және мемлекет басшыларының ресми мәлімдемелерін жүйелі зерттеу үшін пайдаланылды. Контент-талдаудың нысаны – мемлекеттік дискурстағы конфессиялық саясатқа қатысты семантикалық басымдықтардың эволюциясы. «Бостандық», «теңдік», «тіркеу», «бақылау», «секьюритизация», «қауіпсіздік» ұғымдарының нормативтік мәтіндердегі орнының тарихи өзгеруі зерттеуде маңызды аналитикалық индикатор ретінде қарастырылды.

Кезеңдік талдау конфессиялық реттеу саясатының ішкі логикасын, кезеңдік шекараларын және кезеңаралық ауысулардың саяси детерминанттарын айқындау үшін қолданылды. Кезеңдеу критерийі ретінде мемлекеттің конфессиялық кеңістікке қатысты саяси стратегиясындағы принципті және парадигмалық өзгерістер алынды.

Аймақтық саяси талдау конфессиялық диспропорцияның өңірлік картасын жасауда және аймақтар бойынша конфессиялық тәуекелдерді типологиялауда пайдаланылды. Бұл тәсіл мемлекеттің бірыңғай саяси стратегиясы мен нақты аймақтардағы конфессиялық шындық арасындағы сәйкессіздіктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық деректер базасы мынадай бастапқы деректер көздерінен құрастырылды: Қазақстан Республикасының 2021 жылғы ұлттық халық санағының нәтижелері [7]; Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы IV тоқсанына арналған тіркелген діни бірлестіктер тізілімі [8]; БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының 2023 жылғы талдамалық есебі [9]; Президент Тоқаевтың 2024 жылғы наурыздағы ресми мәлімдемесі [10].

Зерттеу нәтижелері

Конфессиялық реттеу стратегиясының кезеңдік эволюциясы: ішкі логиканың аналитикасы

Нормативтік-құқықтық актілер мен стратегиялық жоспарлау құжаттарының контент-талдауы Қазақстанның конфессиялық саясат стратегиясы үш принципті кезеңнен өткенін айқындайды. Бұл кезеңдер бір-бірінен тек хронологиялық шекарасымен емес, мемлекеттің конфессиялық кеңістікке қатысты саяси субъектілік логикасымен де ерекшеленеді.

Бірінші кезең – саяси либерализация (1991-2000). Бұл кезеңнің саяси логикасы постсоветтік демократиялық трансформацияның дискурстық

контексімен тікелей байланысты. Мемлекет конфессиялық кеңістікке қатысты минималистік реттеуші стратегияны таңдады, бұл шешімнің артында тек идеологиялық емес, прагматикалық себеп жатыр: жаңадан тәуелсіздік алған мемлекет халықаралық беделін нығайту үшін демократиялық нормаларды насихаттауы қажет еді. Алайда осы саяси кеңістік бақылаудан тыс жаңа діни ағымдардың экспансиясына жағдай туындатты. Нормативтік мәтіндердегі «бостандық» пен «теңдік» ұғымдарының семантикалық үстемдігі мемлекеттің конфессиялық кеңістікті реттеу субъектісі ретінде өзін-өзі пассивтендіргенінің тікелей дискурстық айғағы болып табылады.

Екінші кезең – институционализация (2000-2015). 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның мазмұнын контент-талдау мемлекеттік дискурстағы семантикалық ауысуды нақты көрсетеді: «тіркеу», «бақылау», «регламент» ұғымдары алдыңғы орынға шығады. Саяси тұрғыдан бұл кезең мемлекеттің конфессиялық кеңістікке пассивтік субъектіден белсенді реттеуші субъектіге трансформациялануын көрсетеді. Алайда бұл трансформация реактивтік сипатта болды – ол алдын ала стратегиялық болжаудың нәтижесі емес, либерализация кезеңінде туындаған проблемаларға саяси жауап ретінде қалыптасты.

Үшінші кезең – секьюритизация (2015-бүгінгі күнге дейін). 2020 жылғы «2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспардың» контент-талдауы және Президент Тоқаевтың 2024 жылғы мәлімдемесі [10] мемлекеттік дискурста «қауіпсіздік», «радикализация», «экстремизм», «превентивтік қорғаныс» семантикасының басымдыққа ие болғанын айқындайды. Бұл семантикалық трансформация – мемлекеттің конфессиялық саясатты ұлттық қауіпсіздік саясатының стратегиялық компоненті ретінде қайта бекітуінің дискурстық айғағы. Секьюритизация концепциясын алғаш рет О. Вейвер енгізді: ол қандай да бір мәселені экзистенциалдық қауіп деңгейіне шығарып, оны заңнамалық нормадан тыс механизмдермен де шешуге мүмкіндік беруді секьюритизация деп атады [11]. Қазақстанда бұл концепция мемлекет деңгейінде танылды, алайда толық заңнамалық имплементациядан бас тартылды – бұл шешімнің артында мемлекеттің халықаралық имиджі мен азаматтық бостандықтарды сақтаудың прагматикалық балансы жатыр.

Осы үш кезеңнің жиынтығынан мемлекеттің конфессиялық реттеу стратегиясының кезеңдік эволюциясы туралы маңызды аналитикалық тұжырым туындайды: Қазақстанның конфессиялық саясаты проактивтік стратегиялық жоспарлаудан емес, туындаған жағдайларға саяси жауап беру логикасынан дамыды. Бұл реактивтік даму жолы болашақта да реттеуші тетіктердің кешігіп қабылдануы тәуекелін сақтайды.

Конфессиялық кеңістіктің сандық сипаттамасы

2024 жылдың басына қарай Қазақстанда тіркелген діни бірлестіктер туралы деректер конфессиялық кеңістіктің бірнеше маңызды саяси сипаттамасын айқындайды (1-кесте).

1-кесте. 2024 жылдың басына қарай Қазақстандағы тіркелген діни бірлестіктердің тізімі (бірлік)

Конфессия атауы	Астана қ.	Алматы қ.	Басқа өңірлер	Барлығы	Үлесі, %
Ислам	16	54	2 765	2 835	71,3
Православие	6	24	317	347	8,7
Католицизм	4	7	82	93	2,3
Пятидесятниктер	8	34	180	222	5,6
Баптисттер	4	17	165	186	4,7
Пресвитерандықтар	10	31	63	104	2,6
Иегова куәгерлері	1	6	54	61	1,5
Жетінші күн адвентистері	2	3	35	40	1,0
Жаңа апостолдар	1	1	22	24	0,6
Кришнашылдар	1	1	11	13	0,3
Лютерандар	1	3	10	14	0,4
Менноиттер	0	0	9	9	0,2
Бахаи	1	1	4	6	0,2
Иудаизм	1	1	5	7	0,2
Методистер	0	4	7	11	0,3
Буддизм	0	1	1	2	0,05
Муниттер	0	1	1	2	0,05
Мормондар	1	1	0	2	0,05
Барлығы	57	190	3 731	3 978	100


Дереккөз: авторлар құрастырған [7].

1-кестенің деректерін аналитикалық тұрғыдан бағалай отырып, мынадай саяси маңызы бар заңдылықтарды аңғаруға болады. Бірінші заңдылық: ислам бірлестіктерінің үлесі – 71,3% (2 835 бірлік) – мемлекеттің конфессиялық мониторинг ресурстарын объективтік тұрғыдан теңсіз бөлуіне алып келеді. Мониторинг назарының осы бір бағытта шоғырлануы протестанттық конфессиялар (жиынтығы 512 бірлік, 12,9%) мен басқа конфессиялық топтардағы тәуекел факторларының салыстырмалы аз назарда қалуын туындатады.

Екінші заңдылық: Астана мен Алматының жиынтық үлесі (247 бірлік, 6,2%) барлық өңірлермен (3 731 бірлік, 93,8%) салыстырғанда мемлекеттің конфессиялық реттеу мүмкіндіктерінің аймақтық шашыраңқылығын айқындайды. Аймақтардағы бірлестіктердің абсолютті басымдылығы аймақтық мониторинг инфрақұрылымының сапасы мен кадрлық қамтамасыз етілуіне стратегиялық сынақ туындатады.

2021 жылғы ұлттық санақ деректері негізіндегі аймақтық талдау мемлекеттің конфессиялық реттеу стратегиясының аймақтық диверсификация қажеттілігін дәлелдейтін бірнеше принципті заңдылықты айқындайды (1-сурет).

1-сурет. 2021 жылдың соңына қарай Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша негізгі діндер жақтаушыларының үлесі (%)



Дереккөз: авторлар құрастырған [8].

1-суреттің деректері Қазақстан территориясының конфессиялық саяси тәуекелдер бойынша үш принципті типке бөлінетінін айқын көрсетеді. Бірінші тип – оңтүстік моноконфессиялық аймақ (Қызылорда – 96,2%, Оңтүстік Қазақстан – 92,4%, Жамбыл – 84,2%, Атырау – 83,7%). Бұл аймақтардағы конфессиялық саяси тәуекел – исламның ішкі фрагментациясы мен радикализациясы. Аймақтың жоғары этноконфессиялық біртектілігі сыртқы экстремистік идеологиялардың нысаналы таралу ортасын қалыптастырады. Ирак пен Иранның экстремистік топтарынан болатын ақпараттық ықпал нақты осы аймақтардың жастары арасында неғұрлым тиімді екені ресми деңгейде де мойындалады [10]. Бұл аймақта мемлекеттің конфессиялық реттеу стратегиясы ислам бірлестіктері арқылы профилактикалық жұмысты, конфессиялық сауаттылық бағдарламаларын және цифрлық ортадағы контрнарративтік механизмдерді алдыңғы орынға шығаруды талап етеді.

Екінші тип – солтүстік биконфессиялық аймақ (Солтүстік Қазақстан – ислам 38,7%, христиандық 55,2%; Қостанай – 37,0% / 44,0%; Ақмола – 46,2% / 36,7%). Бұл аймақтардың конфессиялық саяси тәуекелі мүлдем басқа: ол радикализациядан емес, екі ірі конфессия арасындағы потенциалды кернеулерден туындайды. Ислам мен христиандықтың пропорциялық теңгерімі, ұлттық-этникалық сәйкестілік ерекшеліктерімен қабысканда, конфессияаралық медиация механизмдерін талап ететін саяси сынақ туындатады. Мемлекеттің бірыңғай ұлттық конфессиялық саясаты бұл аймақтың ерекшелігін ескермейді – бұл ерекше стратегиялық кемшілік.

Үшінші тип – мегаполистік конфессиялық белгісіздік аймағы (Маңғыстау – 22,1%, Алматы қ. – 19,9%, Алматы облысы – 19,4% «жауап жоқ»). «Жауап жоқ» санатының бұлай жоғары болуы тікелей дінсіздікпен теңестірілмеуі тиіс – бұл категория конфессиялық сәйкестілігі анықталмаған, дінге деген қатынасы тұрақсыз демографиялық топты білдіреді.

Мемлекеттің конфессиялық реттеу субъектілерімен саяси қатынасының асимметриясы

Қазақстандағы конфессиялық реттеу жүйесінің субъектілік құрылымы мемлекеттік органдарды, діни институттарды және азаматтық қоғам ұйымдарын қамтиды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (шамамен 2 000 бірлестік) мен Орыс православие шіркеуі (үш епархия) мемлекеттің стратегиялық серіктесі ретінде ерекшеленеді [12].

Мемлекеттің конфессиялық субъектілерге саяси қатынасының асимметриялы сипаты бірнеше аналитикалық деңгейде байқалады. Бірінші деңгей: «тәуекелді» конфессиялық топтарды (шетелдік байланыстары бар ұйымдар, тыйым салынған идеологияға жақын топтар) «бейтарап» конфессиялық субъектілерден бөліп, дифференцирленген бақылау стратегиясын жүзеге асыру. Екінші деңгей: Maul'sharif, Rahimbekova және Seisebaeva зерттеулері дәлелдегендей [13], жастардың конфессиялық активизмі мемлекет тарапынан негізінен тәуекел факторы ретінде бағаланады, ал оны саяси партнерлік ресурсы ретінде қолдану механизмдері жеткілікті дамымаған. Бұл – конфессиялық реттеудің азаматтық ортақтастырудан айырылып, тек рестриктивтік функцияға тарылуының нақты белгісі.

Maul'sharif және авторлар ұжымы [13] жастардың конфессиялық белсенділігін тежеудің саяси тиімсіздігін дәлелдейді: конфессиялық самоидентификациясы қалыптаспаған жастар топтарын мемлекет реттеуші партнер ретінде емес, бақылаудың пассивтік нысаны ретінде қарастырғанда, олардың радикализацияға осалдығы артады, өйткені конфессиялық кеңістікте олар үшін балама азаматтық нарратив болмайды. Kusac [5] бұл тезисті нақтылайды: шектеуші тәсіл этникалық немесе конфессиялық азшылықтардың наразылығын тудырып, ол наразылықтың радикалдық арналарға бұрылу тәуекелін арттырады.

Талқылау

Reyrouse мен Nasritdinov Орталық Азиядағы мұсылман азаматтық қоғамының мемлекетпен серіктестік мүмкіндіктерін зерттей отырып, конфессиялық реттеудің тиімділігі азаматтық акторлардың саяси ортақтастырылу деңгейімен тікелей байланысты екенін дәлелдейді [14]. Бұл тұжырым Қазақстандағы конфессиялық мониторинг жүйесіне азаматтық бастамаларды стратегиялық ресурс ретінде тартудың жеткіліксіздігін – Seiple мен Hoover ұсынатын серіктестік үлгісінің [1] іс жүзінде дамымағанын тағы бір рет растайды.

Зерттеу деректерінің жиынтығы конфессиялық реттеу тиімділігін шектейтін үш жүйелі кедергіні айқындауға мүмкіндік береді.

Бірінші кедергі: стратегиялық жоспарлаудың реактивтік сипаты. Мемлекеттің конфессиялық саясаты – бұл зерттеудің аналитикалық

нәтижелері мен Rodriguez тұжырымдарымен [2] үйлесімді – жүйелі болжаудан гөрі туындаған жағдайларға саяси жауап беру логикасымен дамыды. «Таблиғи жамағат» пен «Хизб ут-Тахрир» сияқты ұйымдардың тіркелмей жұмыс істеуін жалғастыруы [15] реактивтік сипаттың нақты дәлелі болып табылады: мемлекет олардың экспансиясына алдын ала тосқауыл қоюдан гөрі бұрынғы фактіні ресімдеу тәсілімен жауап береді.

Екінші кедергі: аймақтық дифференциацияның саясат деңгейінде іске аспауы. 1-сурет аймақтар арасындағы айқын конфессиялық диспропорцияны деректермен дәлелдейді, алайда мемлекеттің конфессиялық реттеу стратегиясы іс жүзінде бірыңғай ұлттық нысанда жүзеге асырылады. Бұл – Caicedo, Dohmen және Pondorfer дәлелдеген теориялық тезиспен [16] үйлесімді: дінге деген мінез-құлық пен сенім жергілікті контекспен анықталады, демек, реттеуші стратегия да жергілікті конфессиялық ортаға дифференцирленуі тиіс.

Үшінші кедергі: тарихи тәжірибенің жеткіліксіздігі. Özçelik саяси исламды библиометриялық талдауында [17] постсоветтік мемлекеттердің радикалдық исламизмге қарсы нормативтік-практикалық инструментарийдің жеткілікті қоры жоқ екенін айқындайды. Қазақстан үшін бұл тұжырымның практикалық салдары мынада: мемлекеттің конфессиялық мониторинг пен превентивтік реттеу механизмдері салалық тәжірибенің кемшілігінен туындаған «жасырын» тиімсіздік проблемасын қамтиды.

Қорытынды

Зерттеудің аналитикалық нәтижелері бастапқы гипотезаны растайды және Қазақстанның конфессиялық кеңістігін мемлекеттік реттеу стратегиясы туралы бірнеше принципті тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Бірінші тұжырым. Қазақстанның конфессиялық реттеу стратегиясының кезеңдік эволюциясы – либерализация → институционализация → секьюритизация – реактивтік ішкі логикамен анықталды. Мемлекет конфессиялық кеңістікті реттеу субъектісі ретінде алдын ала болжамдық-стратегиялық функцияны ішінара ғана атқарды; негізгі кезеңаралық ауысулар туындаған проблемаларға саяси жауап берудің нәтижесі болды. Бұл жағдай болашақта да конфессиялық реттеу механизмдерінің кешіктіріліп қабылдануы тәуекелін сақтайды.

Екінші тұжырым. Эмпирикалық деректер Қазақстан территориясының конфессиялық саяси тәуекелдер бойынша нақты үш типке бөлінетінін айқындайды: оңтүстік моноконфессиялық (радикализация тәуекелі), солтүстік биконфессиялық (конфессияаралық кернеу тәуекелі) және мегаполистік белгісіздік аймағы (конфессиялық сәйкестілік тұрақсыздығынан туындайтын радикализацияға осалдық тәуекелі). Мемлекеттің бірыңғай ұлттық конфессиялық реттеу стратегиясы осы үш саяси сынаққа бір мезгілде нысаналы жауап бере алмайды – бұл жүйелі тиімсіздіктің институционалдық себебі.

Үшінші тұжырым. Мемлекеттің конфессиялық реттеу жүйесіндегі азаматтық ортақтастырудың тереңдігі Seiple мен Hoover ұсынатын серіктестік үлгісіне [1] сай деңгейге жетпеген. Мемлекет азаматтық ак-

торларды конфессиялық мониторингтің стратегиялық ресурсы ретінде пайдаланбай, негізінен реттеу мен бақылау субъектісінің функциясымен шектеліп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, конфессиялық мониторингке жергілікті қауымдастықтар, діни ахуалды тікелей сезінетін қоғамдық кеңестер, академиялық-сараптамалық орта, жастар ұйымдары және үкіметтік емес ұйымдар белсендірек тартылуы мүмкін. Мұндай акторлар мемлекеттік институттар үшін тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар аймақтық тәуекелдерді ерте анықтау, конфессиялық сауаттылықты арттыру және жастар арасындағы алдын алу жұмыстарының тиімділігін күшейту құралы бола алады.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, зерттеу Қазақстанның конфессиялық реттеу стратегиясын жетілдіру үшін мынадай стратегиялық бағыттарды ұсынады:

- аймақтық конфессиялық диспропорцияны есепке алатын дифференцирленген саяси стратегиялар жүйесін қалыптастыру;
- мемлекет пен азаматтық қоғамның конфессиялық мониторингтегі институционалдандырылған серіктестік механизмдерін кеңейту;
- конфессиялық «белгісіздік» аймақтарындағы жастарға бағытталған превентивтік конфессиялық сауаттылық бағдарламаларын мемлекеттік стратегиялық басымдық ретінде бекіту;
- 2025 жылдан кейінгі заңнамалық реформалардың аймақтық конфессиялық диспропорцияға нақты ықпалын сандық тәсілмен өлшеу;
- жастардың конфессиялық белгісіздіктен радикализацияға өту механизмдерін нейтрализациялайтын превентивтік мемлекеттік бағдарламалардың тиімділік аудитін жүргізу;
- конфессиялық кеңістікті мемлекеттік реттеудегі цифрлық орта факторының рөлін зерттеу.

Қаржыландыру: Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (BR27195711 «Қазақстандағы әлеуметтік-саяси процестер (1980-2020): демократияландыру тәжірибесі және Әділетті мемлекеттің қалыптасуы»).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Seiple, C., Hoover, D. (2021). A Case for Cross-Cultural Religious Literacy. The Review of Faith & International Affairs, Vol. 19, No 1, 13 p. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/15570274.2021.1874165> (қаралған күні: 20.04.2026)
2. Rodriguez, E. (2023). Religion and State in Central Asia: A Comparative Regional Approach. International Journal of Social Science Research and Review, Vol. 6, Is. 1, pp. 79–99. // <https://www.researchgate.net/publication/366966808> (қаралған күні: 20.04.2026)
3. Aimukhambetov, T., Seitakhmetova, N., Mukhitdenova, A., Rysbekova, S., Omirbekova, A., Alikbayeva, M. (2019). Study of the State Religious Policy in the Republic of Kazakhstan. European Journal of Science and Theology, Vol. 15, No 2, pp. 123–134.

- http://www.ejst.tuiasi.ro/Files/75/12_Aimukhambetov%20et%20al.pdf (қаралған күні: 20.04.2026)
4. Buribayev, Y., Turlykhankyzy, K., Kalkayeva, N., Shakenov, D., Khamzina, Z. (2024). Strategic Development and Comprehensive Guidelines for State Policy in Kazakhstan's Religious Sphere. *International Journal of Religion*, Vol. 5, No 3, pp. 40–51. <https://www.researchgate.net/publication/378675925> (қаралған күні: 20.04.2026)
 5. Kusac, W. (2023). In Search of a Welcoming Environment for Religions in the «New Kazakhstan». *The Review of Faith & International Affairs*, Vol. 22, No 1, pp. 87–96. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/15570274.2023.2261709>
 6. Mawlood, S. (2023). Links among Intellectual Terrorism, Religious and Political Dissent. *Analytical and Comparative Jurisprudence*, No 11, pp. 667–670. <https://www.researchgate.net/publication/375734095> (қаралған күні: 20.04.2026)
 7. Қазақстан Республикасындағы 2021 жылғы ұлттық халық санағының қысқаша қорытындылары (2022). (қаралған күні: 20.04.2026)
 8. Тіркелген діни бірлестіктер мен олардың филиалдарының тізілімі (2023 жылғы IV тоқсан). (2024). <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/580878?lang=ru> (қаралған күні: 20.04.2026)
 9. 2021 Population Census Results, Kazakhstan. (2023). <https://unece.org/statistics/documents/2023/09/presentations/2021-population-census-results-kazakhstan> (қаралған күні: 20.04.2026)
 10. Дін мәселесі — ұлттық қауіпсіздік мәселесі, – Президент. (2024). <https://astanatv.kz/ru/news/107197/> (қаралған күні: 20.04.2026)
 11. Wæver, O. (1995). Securitization and Desecuritization. In R.D. Lipschutz (Ed.), *On Security* (pp. 46-86). Columbia University Press.
 12. Aleef, D. (2021). Identity and Power – The Discursive Transformation of the Former Islamic Revival Party of Tajikistan. *Between Peace and Conflict in the East and the West*, Is. 4, pp. 175–193. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-77489-9_9 (қаралған күні: 20.04.2026)
 13. Маулышариф, М., Рахимбекова, Б., Сейсебаева, Р. (2022). Религиозность и гражданский активизм молодежи в Казахстане: потенциальная связь и возможные противоречия. *Психология және социология сериясы*, Vol. 82, No 3, pp. 71–82. // <https://bulletin-psysoz.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/1600> (қаралған күні: 20.04.2026)
 14. Peyrouse, S., Nasritdinov, E. (2021). Engaging with Muslim Civil Society in Central Asia. *Peaceworks*, No 181, 28 p. https://www.usip.org/sites/default/files/2021-12/pw-181-engaging-muslim-civil-society-central_asia.pdf (қаралған күні: 20.04.2026)
 15. Sufi, M., Yasmin, M. (2022). Racialization of Public Discourse: Portrayal of Islam and Muslims. *Heliyon*, Vol. 8, Is. 12, 12 p. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2405844022034995> (қаралған күні: 20.04.2026)
 16. Caicedo, F., Dohmen, T., Pondorfer, A. (2023). Religion and Cooperation across the Globe. *Journal of Economic Behavior & Organization*, Vol. 215, 11 p. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0167268123003475> (қаралған күні: 20.04.2026)
 17. Özçelik, A. (2022). What is Political Islam? A Bibliometric Analysis of the Literature. *International Journal of Political Studies*, Vol. 8 (1), pp. 47–63. <https://dergipark.org.tr/en/pub/icps/issue/69743/1089229> (қаралған күні: 20.04.2026)

REFERENCES:

1. Seiple, C., Hoover, D. (2021). A Case for Cross-Cultural Religious Literacy. *The Review of Faith & International Affairs*, Vol. 19, No 1, 13 p. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/15570274.2021.1874165> (accessed: 20.04.2026)
2. Rodriguez, E. (2023). Religion and State in Central Asia: A Comparative Regional Approach. *International Journal of Social Science Research and Review*, Vol. 6, Is. 1, pp. 79–99. <https://www.researchgate.net/publication/366966808> (accessed: 20.04.2026)
3. Aimukhambetov, T., Seitakhmetova, N., Mukhitdenova, A., Rysbekova, S., Omirbekova, A., Alikbayeva, M. (2019). Study of the State Religious Policy in the Republic of Kazakhstan. *European Journal of Science and Theology*, Vol. 15, No 2, pp. 123–134. http://www.ejst.tuiasi.ro/Files/75/12_Aimukhambetov%20et%20al.pdf
4. Buribayev, Y., Turlykhankyzy, K., Kalkayeva, N., Shakenov, D., Khamzina, Z. (2024). Strategic Development and Comprehensive Guidelines for State Policy in Kazakhstan's Religious Sphere. *International Journal of Religion*, Vol. 5, No 3, pp. 40–51. <https://www.researchgate.net/publication/378675925>
5. Kusac, W. (2023). In Search of a Welcoming Environment for Religions in the «New Kazakhstan». *The Review of Faith & International Affairs*, Vol. 22, No 1, pp. 87–96. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/15570274.2023.2261709>
6. Mawlood, S. (2023). Links among Intellectual Terrorism, Religious and Political

- Dissent. Analytical and Comparative Jurisprudence, No 11, pp. 667–670. <https://www.researchgate.net/publication/375734095> (accessed: 20.04.2026)
7. Qazaqstan Respublikasyndagy 2021 jylgy ulttyq halyq sanağynyn qysqasha qorytyndylary [Summary of the 2021 National Population Census in the Republic of Kazakhstan]. (2022).
 8. Tirkelgen dini birlestikter men olardyń filialdarynyń tızılımy [Register of registered religious associations and their branches (IV quarter 2023)]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/580878?lang=ru> (accessed: 20.04.2026)
 9. 2021 Population Census Results, Kazakhstan. (2023). <https://unece.org/statistics/documents/2023/09/presentations/2021-population-census-results-kazakhstan> (accessed: 20.04.2026)
 10. Din maselesi – ulttyq qauipsızdıq maselesi, – Prezident [The issue of religion is a matter of national security, - the President] (2024). <https://astanatv.kz/ru/news/107197/> (accessed: 20.04.2026)
 11. Wæver, O. (1995). Securitization and Desecuritization. In R.D. Lipschutz (Ed.), On Security (pp. 46-86). Columbia University Press.
 12. Aleef, D. (2021). Identity and Power – The Discursive Transformation of the Former Islamic Revival Party of Tajikistan. Between Peace and Conflict in the East and the West, Is. 4, pp. 175–193. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-77489-9_9 (accessed: 20.04.2026)
 13. Maılsarif, M., Rahimbekova, B., Seisebaeva, R. (2022). Religioznost i grajdanski aktivizm molodeji v Kazahstane: potentsialnaia svâz i vozmojnye protivorechia [Religiosity and civil activism of youth in Kazakhstan: potential connection and possible contradictions]. Psychology and Sociology Series, Vol. 82, No 3, pp. 71–82. <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/1600> (accessed: 20.04.2026)
 14. Peyrouse, S., Nasritdinov, E. (2021). Engaging with Muslim Civil Society in Central Asia. Peaceworks, No 181, 28 p. https://www.usip.org/sites/default/files/2021-12/pw-181-engaging-muslim-civil-society-central_asia.pdf (accessed: 20.04.2026)
 15. Sufi, M., Yasmin, M. (2022). Racialization of Public Discourse: Portrayal of Islam and Muslims. Heliyon, Vol. 8, Is. 12, 12 p. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2405844022034995> (accessed: 20.04.2026)
 16. Caicedo, F., Dohmen, T., Pondorfer, A. (2023). Religion and Cooperation across the Globe. Journal of Economic Behavior & Organization, Vol. 215, 11 p. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0167268123003475> (accessed: 20.04.2026)
 17. Özçelik, A. (2022). What is Political Islam? A Bibliometric Analysis of the Literature. International Journal of Political Studies, Vol. 8 (1), pp. 47–63. <https://dergipark.org.tr/en/pub/icps/issue/69743/1089229> (accessed: 20.04.2026)